

## АЛҒЫСӨЗ

*«Халықтың үш ұлы перзенті, даңқты үш дананың –  
Төле би Әлібекұлының,  
Қазыбек би Келдібекұлының және Әйтеке би  
Бәйбекұлының есімдері біз үшін ерекше киелі».*

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Қазақстан Республикасының Президенті

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мазмұны аса терең бағдарламалық мақаласында, үшінші жаңғырту жөнінде міндеті аясында, экономикалық және саяси жаңғырумен қатар, оны өзара байланыстыратын мәселе – рухани жаңғыру деп айтты.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы, елімізде жүзеге асырылған «Мәдени мұра», «Халық – тарихы толқынында» мемлекеттік бағдарламаларының заңды және логикалық жалғасы.

Рухани жаңғырудың басты шарты – ұлттық кодты сақтай білу. Өйткені жаңғырған қоғам өзінің тамырын тарихтың тереңінен бастау алады.

Ол үшін қазіргі жаңғыру саясаты елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алуы тиіс. Тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамай, қазақ халқының тағылымы мол тарихымен тікелей сабақтастықта болуы тиіс.

Ұлттық тәуелсіздікті жариялаған ширек ғасыр ішінде Қазақстан Республикасы әлемдік аренада жоғары беделге ие болды. Мұндай зор жетістіктерге қол жеткізудің алғышарттарын іздегенде, біз ең алдымен өткен тарихымызға зер салып, ұлт игілігі үшін қызмет еткен тұлғаларымызды ұлықтағанымыз жөн.

Қарағанды облысы Орталық Қазақстанның тарихи мұраларға ең бай өлкесінің бірі. Тек табиғат қазыналары ғана емес, адам капиталының ең жарқын өнегесін көрсететін

рухани мұралар да біздің өлкемізде жақсы сақталғанына дау жоқ. Қола мен темірі дәуірі, сак, ғұн, түркі кезеңдеріндегі құнды археологиялық ескерткіштермен қатар, Алтын Орда – Ұлы Дала Елі кезеңі мен Қазақ хандығы заманындағы ең келелі де, киелі де, бағалы рухани жәдігерлер осы өлкеде жасалған және сақталған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Білімнің салтанат құру» қағидасы аясында сөз қозғайтын болсақ, казак тарихындағы даналық пен ақылмандықтың өз заманында үздік үлгісін көрсеткен данышпан бабаларымыз – Қаз дауысты Қазыбек би мен Бұқар жырау Қалқаманұлы, хан Абылайдың қасында отырып, қайраткерлігімен іс тындырып, елшіліктерді қабылдау мен мәмілегерлік тәрізді Қазақ хандығы мемлекетінің халықаралық сыртқы істерін атқарды.

Ұлы даланың тарихында алатын орны мен оның өмір сүрген заманының қоғамдық-саяси келбетін саралау, билер институтының белді өкілі болғаны жалпы жұртқа мәлім. Бір басына кемеңгер дипломаттық, орақ тілді шешендік, кара қылды қақ жарып әділ билік айту тәрізді қасиеттерді тоғыстырған Қазыбек бидің сан қырлы болмысы жан-жақты да түбегейлі зерттеуді қажет етеді. Ғылыми-зерттеушілік қағидаттарын басшылыққа алған мұндай шаралар бірінші кезекте жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге болса, екіншіден, тарихи сананы жаңғыртуға зор ықпал етері сөзсіз.

Ұлы даланың бай рухани мұрасын, әдет-ғұрып нормаларын, өз заманына сай құқықтық жүйесін қалыптастыруда айтулы үлес қосқан, халықтың еркіндігі мен бейбітшілігін ойлап, өнегелі ғұмырын ұлтты ұйыстыру жолында әділ төрелік айтуға арнаған Қаз дауысты Қазыбек би есімі әрқашан ел есінде сақталмақ және дақты тұлғаның есімін мәңгі етуге бағытталған әлі талай ізденістердің жалғасары анық.

**Ерлан ҚОШАНОВ**

*Қарағанды облысының әкімі*